

«Жалпы білім беретін Ш.Абенов атындағы орта мектебі» КММ бойынша

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

ХАТТАМА № 1

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы

Қатысқандар: 8 адам

«07» қыркүйек 2017 ж.

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары. 2017 - 2018 оқу жылына арналған жұмыс жоспары. Кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы

Тыңдалды:

Жиналысты қамқоршылық кеңестің төрағасы: Кожажулов Еркін Кажыбекович ашып күн тәртібімен таныстырды.

- Бүгінгі жиынға қамқоршылық кеңесі мүшелерінің 50 пайызы қатысып отыр. Қамқоршылық кеңес отырысын ашуға болады. қарсы болмасаңыздар. Оқушылардың жазғы орналасуы туралы мектеп әкімшілігінің есебі арқылы танысасыздар, Білім министрінің жаңа бұйрығы бойынша Қамқоршылық кеңес құрамына өзгерістер енгізіледі, осы бұйрықпен таныстыру үшін кезегі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.А.Байшеровқа беріледі.

Сөз алғандар:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.А.Байшеров

- Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы шықты, Бұндағы өзгерістер қамқоршылық кеңес құрамына мектепте штатта тұрған адамдар сайланбайды. Мектеп директоры бұрынғыдай мүше бола алмайды. Мектеп директоры не орынбасары қамқоршылық кеңестің отырыстарына қатыса алады. Мемлекеттік қызметтегі адамдар саны 3 адамнан артық болмауы керек. Менің ұсынысым осы қамқоршылық кеңесі құрамына өзгерістер енгізулеріңіз сұралады. Мектеп кітапханашысы Оразбаева Г хатшысы, мектеп директоры Кемерханов С мүшесі болды. Осы мүшелердің орнына басқа адамдарды сайлау сұралады. Ендігі кезекте мектепте оқушылардың әлеуметтік жағдайлары, оларға көрсетілген көмек, тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар, лагерлерге, ЭКСПО-ға барған балалар туралы хабарлама беремін.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Байдүйсенова Баян

- Күн тәртібіндегі мәселелер дұрыс қаралды. Қамқоршылық кеңес ең жоғарғы орган екенін түсіне отырып, осы кеңес мүшелері толық қатысуы тиіс деп есептеймін. Кейбір мүшелер отырысқа келмейді. Алдағы шақырылғанда келмесе басқа адамдармен ауыстыру керек. Оразбаева Г орнына ауылдық кітапхана меңгерушісі С.Ануарованы С. Кемерханов С орнына мүшелікке зейнеткер ата-ана Е.Қуандықовты ұсынамын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Кожажулов Еркін Кажыбекович

- Бүгінгі қамқоршылық кеңестің отырысын қорытындылай келе басқадай ұсыныстарыңыз болмаса жаңа кеңес құрамы мен жұмыс жоспарын бекітулеріңіз сұралады.

Қаулы қабылдады:

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы, оқу жылына жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы бекітілсін.

Төраға: Кожажулов Еркін Кажыбекович

Хатшы: Оразбаева Гулназ Амантолеуовна

